

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері

Утенова А.А.

В данной статье автор рассматривает актуальные проблемы борьбы с коррупцией.

In this article are looked through actual corruption struggle problems.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқының - әл ауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына жолдауында «Демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап айтылған. Бүгінгі таңда қоғам жедел даму үстінде. Қазақстанды таяу арада 50 елдің қатарына қосу міндеті басты мақсат етіп қойылғаны да белгілі. Президент сөзінде: түрлі дәрежедегі кейбір мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметті өз бизнесімен қоса атқара жүріп және соңғысына жан-жақты көмек көрсете отырып, жағдайын жап-жақсы жасап алған. Жекелеген шенеуніктер қарапайым халықтың мұң-мұқтаждарына құрметпен қарамайды, қызмет бабын теріс пайдаланады.

Бүгінгі қоғамды жегі құрттай кеміріп бара жатқан жемқорлық жайында жаңа ғана тілі шыққан баладан, ақылы кемел данаға дейін бәріміз айтып жүрміз. Бұл бір жағынан осы індетке ешкімнің де бей-жай қарай алмайтын ұнамсыз құбылыс екенін көрсетсе, екінші жағынан бәріміз көріп-біліп жүрген, күнделікті өмірде қалыптасқан қоғамдық үрдіске айналып кеткендігін көрсетеді. Әйтпесе бүкіл ел болып жемқорлыққа қарсы күрес жариялап зарламас та едік. Жемқорлық қоғамның-жұлын құрты.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек белді мамандардың пікірі бойынша сыбайлас жемқорлық тосыннан келетін табиғи апаттар секілді елдің ахуалын терең дағдарысқа соқтыруы әбден ықтимал. Бұл Қазақстанның алға басуын аяқтан шалатын, болашағына кедергі келтіретін басты қауіп [3, 42 б].

Қазіргі кезде елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық реформалар негізінен сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң, мемлекеттік қызметшілердің «Ар-намыс» кодексі, 2006 - 2010 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу жөніндегі мемлекеттік бағдарлама осы қылмысқа бағытталған. Сонымен бірге, үстіміздегі жылы БҰҰ - ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

конвенциясы бекітілді. Бұлардың мақсаты - сыбайлас жемқорлықтан абайлату мен онымен күресудің тиімді шаралар жүйесін қалыптастыруды көздейді. Бұл - саяси мемлекеттік маңызы бар мәселе. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, әлеуметтік-құқықтық іс болып, қылмыстық заңнамамен қорғалатын қоғамдық қатынасқа қоғамдық қауіпті әрекет жасау болып табылады. Мұндай қылмыстар қауіпті, себебі қоғамға және қоғамның мүшелеріне саяси, материалды және басқа зиян келтіреді.

ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”. Бұл қылмыстың объектісі басқару тәртібіне, орнықты жұмысқа және мемлекеттік биліктің барлық сала органдарының мемлекеттік қызметінің мүддесіне, оның ішінде заңнама, атқарушы, сот органдарына, сонымен қатар өзін-өзі басқару органдарына қасқойлық болып табылады. Коммерциялық немесе басқа ұйымда лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану қаралып отырған баптың заңдылық ауқымына кірмейді және Қылмыстық кодекстің басқа баптарымен қарастырылғаны жөнінде айта кеткен жөн.

Сыбайлас жемқорлық-әдетте мемлекеттік қызметтің өте күрделі, көпшілік түсіне бермейтін түрлерінде орын алады. Басқа салаларға да тез таралады, тез дамып жетіледі. Бірақ оны айқындау өте қиын. Бұл қылмыс әшкереленген күннің өзінде «айран ішкендер» құтылып кетеді, «шелек жалағандар» ғана тұтылады [2, 102б].

Соңғы үш жылда сыбайлас-жемқорлық қылмыстардың өсуі байқалады. Мемлекеттік міндеттерді орындауға өкілеттіленген адамдарға және оларға теңелген адамдарға қатысты қылмыстық істер саны 23,8 % (922-ден 1141-ге дейін). ҚР экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттігінің мәліметтері бойынша, сыбайлас-жемқорлық қылмысқа жататын қылмыстың жеке түрлері арасында пара алу фактілері 8,3% (302-ден 327-ге дейін), бөтен мүлікті иемдену немесе шығындану-33,3% (99-дан 132-ге), билікті және лауазымды құзыретті асыра пайдалану-5,3% (57-ден 60-қа дейін), қызмет бойынша әрекетсіздік-2,1 (17-ден 36-ға дейін), қызметтік жалған іс-27,6% (453-тен 578-ге) өсті. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Қазақстанда сыбайлас-жемқорлық қылмыс негізінен сот арасында жіберілген (0-ден 22-ге), ішкі істер органдарының қызметкерлері арасында-79,7 % (59-дан 106-ға дейін); әділет-13,6 (22-ден 25-ке дейін), Қорғаныс министрлігі-3,5 рет (2-ден 7-ге дейін); селолық округтер мен аудан әкімдері 22,9% (83-тен 102-ге дейін).

Пара алу негізінен бүкіл мемлекеттік органдарда кеңінен таралған жағдай болып қалуда. Сыбайлас-жемқорлыққа жақын тұратын мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік қызмет көрсету саласы, инвестициялық және жекешелендіру үдерістері, оұқсат беру және лицензиялау жүйелері, бюджеттік қаражат пен жерді бөлу, салық жинау, басшылық орындарға тағайындау және мемлекеттік қызметке орналасу, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі. Лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану, практика көрсеткендей, ең көп тараған қылмыс, сондай-ақ басқа қылмыстарды, оның ішінде сыбайлас-жемқорлық қылмысты жасау үшін тәсіл болып табылады. Лауазымды қылмыс сондай-ақ басқа қылмысты жасау үшін тәсіл болып табылады және жиі қабысып жүреді, мысалы:

-тездету және әр түрлі процедураларды, ережелерді айналып өту үшін шенеуніктердің пара алуы, бопсалау, заңсыз тексерістер, бөтен мүлікті тартып алу, мемлекеттік қаражатты және жер учаскелерін заңсыз пайдалану, ақша үшін лицензиялар және басқа рұқсат құжаттар беру;

-мемлекеттік меншікті, ғимаратты, құрылысты, табиғи ресурстарды заңсыз пайдалану, заңсыз жекешелендіру, мемлекеттік қаражатты ұрлау, асыра сілтеулікпен сыйлықтар төлеу, тендер мен мемсатып алған кезде асыра сілтеушілік;

-монополияға қарсы заңнаманы және шынайы бәсекелестікті бұзу, өз мүддесіне кадр сұрақтарын шешу, саяси сыбайлас-жемқорлыққа және ықпал жасаудың сыбайлас-жемқорлық саласын жасауға дейін бару, дауыс берген кезде пайдалы заңдар үшін дауыс сату және сот шешімдерін сату және БАҚ-қа пара беру.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің қиындығы сонда, бұл қылмысты жасауда жасырындықпен қатар өзара келісушілік сипат бар. Пара талап еткеннің өзінде, ешкім бірінің үстінен бірі шағымдана қоймайды. Себебі сыбайлас жемқорлықпен күреске сенім аз. Қазіргі көптеген әлеуметтік – экономикалық және саяси – құқықтық проблемалар қатарындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес проблемасының маңыздылығын көтеріп отырған бірнеше себептер бар.

Біріншіден, қолдағы билікті бас пайда үшін пайдалану, ондай қылмыстың әшкереленуі билік беделін түсіреді, демократияға нұқсан келтіреді, тіптен диктатураға алып келуі мүмкін.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлық өзінің ресурстардың бөлінуіне тигізетін теріс әсерінің нәтижесінде жалпы экономиканы дамып, нығаюына кедергі жасайды.

Үшіншіден, сыбайлас жемқорлық басқа да келеңсіз әлеуметтік құбылыстар секілді, өзіне - өзі жағдай тудыра отырып, келешек әлеуметтік –

экономикалық және саяси тәртіпті шалқайтады, ол неғұрлым терең тамыр жайған сайын, онымен күресу қиындай береді.

Төртіншіден, елімізде етек алған сыбайлас жемқорлық шеттен келетін жәрдемнің, инвестициялардың жолына тосқауыл болады. [1, 96б].

Сыбайлас жемқорлықты елде орын алып отырған жалпы саяси, әлеуметтік және экономикалық проблемалардың салдары деуге болады. Ол әдетте, қоғамның жаңару кезінде бой көтереді. Ал ондай кезенді бастан кешіріп отырғанымыз рас.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің 2006-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономикаға көшу, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс ықпалын тигізеді, мемлекеттің келешек дамуына елеулі қауіп төндіреді деп атап көрсетті.

«Жемқорлықпен күрес жүргізетін құзырлы органдар» Прокуратура көп жағдайда «жең ұшынан жалғасқан» жемқорлыққа өздері жол ашуда. Қылмыстық істің жабылуына және санкция беру құқына ие прокуратура органы іс жүзінде сыйақы талап ететін орынға айналды. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстың басым бөлігі пара алу мен беру, қызметтік жалғандық, қызметтік лауазымын теріс пайдалану, сеніп тапсырылған мүлікті заңсыз иелену немесе ысырап ету секілді қылмыстардан тұрады. Бұл «қара тізімнің» ішінде білім саласының қызметкерлері мен жергілікті атқарушы орган қызметкерлері көш бастап келеді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің есебі бойынша елдегі көлеңкелі экономиканың деңгейі ІЖӨ-нің (ВВП) 22%-ын құрайды екен. Үкімет бұл көрсеткішті төмендетіліп берілген деп санайды. Ол кемінде 40% , ал кейбір салаларда одан да жоғары болса керек. 2007 жылдың 5 айында, өткен жылдың сол кезеңімен салыстырғанда, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ашылуы 11,9%-ға (929 - дан 1040 фактіге дейін өскен.) Бірақ, қалай да жазалану принципі толық іске аспай тұр. Мемлекеттік талап пен тәртіптің төмендігінен. Заңымыздың көбі солқылдақ, оның үстіне соның өзі орындылмайды. Мысалы: 2005-2006 жылдары 1844 қылмыстық істің тергеуі аяқталған, олардың 1215-і сотқа жіберілген, ал 304-і ақтамайтын негізде, 325-і ақтайтын негізде қысқарған. 179 қылмыстық істің жүргізілуі тоқтатылған.

Бар болғаны 219 адам бас бостандығынан айыруға, олардың жартысынан көбісі (127) үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған. 440 адамға шартты жаза берілген. Бірінші сатыдағы сотта және апелляциялық тәртіпте 247 адамның қылмыстық істері қысқарып, 30 адам ақталған.

Бүгінде Қазақстан ТМД елдерінің арасында осы бір қоғамдық дертпен күресте жетекші мемлекеттің санатында. Коррупциямен күрес мемлекет деңгейінде толассыз жүргізілуде. Ең бастысы бұдан қаншалықты зиян шегетінімізді биліктегі, басқа да мемлекеттік түрлі салалардағы қызметте отырған азаматтардың санасына жеткізе білуіміз қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын нақты іс жүзіне асыру үшін белгіленген заң аясында бүкіл халық болып, барлық құқық қорғау органдары бірлесе отырып іске көшетін уақыт жетті.

Жемқорлықпен күресте тек құқық қорғау органдарының күші жеткіліксіз, ең алдымен мұны халық қолдауы қажет. Жемқорлыққа қатысты заң бұзушылықтарды байқасымен әр азамат құқық қорғау органдарына хабарлап жатса, мұндай келеңсіздіктер тыйылар еді.

Жалпы, жемқорлықпен күрес мемлекеттік маңыз алып отырған бүгінгі күнде оны тек құқық қорғау органдарының мойнына артып қоймай, барша халық болып осы кесепаттың жолын кесуге жұмылса, сонда ғана іс нәтижелі деуге болады. Ең бастысы бұдан қаншалықты зиян шегетінімізді биліктегі, басқа да мемлекеттік түрлі салалардағы қызметте отырған азаматтардың санасына жеткізе білуіміз қажет.

Сыбайлас жемқорлық тек парамен шектелмейді. Бұл жолда күресті ең алдымен сыбайластықтың өзінен бастау керек сияқты. Сыбайластықтың тамырына балта табылса, парқорлықтың жолы кесілері анық. Сыбайластықты қоздырушылар-жерлестік, тамыр-таныстық, байланыстар. Сол байланыс арқылы өзіне лайықсыз болса да лауазымды орынға әлдекімдердің демеуінің ықпалымен келген біліксіздер. Міне, бұл жемқорлықтың бастау алар тұсы. Қызмет бабын теріс пайдаланып мемлекеттік мүддеден жеке бас мүддесін жоғары қою, жалпы қылмыстық әрекеттер, әсіресе, сыбайлас жемқорлық қоғам өмірін кейін тартып отыр[4, 26].

Сыбайлас-жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларына келесі жатады:

1. Баршаның заң және сот алдында теңдігі.

Бұл қағиданы сақтау және жүзеге асыру сыбайлас-жемқорлықпен күресте өте маңызды. Өкінішке қарай, заңнаманы таңдап қолдану өте жиі кездеседі, ондайда заң біреу үшін бар, басқалар үшін жоқ. Жеке соттар, мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері сондай-ақ сыбайлас-жемқорлыққа беттелген.

Бұл қағиданың сақталуының кепілі азаматтардың өздерінің белсенділігі болып табылады-сыбайлас-жемқорлық үдерістерді БАҚ-та жариялау, оның ішінде БАҚ, бұқара өкілдерінің сот үдерістерінде болуы; өтініштерді

прокуратураға, экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттікке және басқа құқық қорғау органдарына беру.

2. Мемлекеттік органдар қызметінің нақты құқықтық тәртібін, заңдылығын және осындай қызметтің жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда ҚР Президентінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген 2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас-жемқорлықпен күрес бойынша Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, 2008 жылға дейін мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдердің ақпараттық мөлдірлігін қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару органдарының рұқсат ету және әкімшілік құзыреттерін оңтайландыру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алудың электронды жүйесіне көшу негізінде мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау.

Бағдарламада ерекше орын азаматтық қоғам ұйымдарын сыбайлас-жемқорлыққа қарсы қызметке тартуға, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бөлінеді.

Нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас-жемқорлыққа қарсы сараптаудың пәрменді тетігін енгізу, бюджеттік қаражаттың жұмсалудың қоғамдық бақылау жүйесін құру, жеке рұқсат беру міндеттерін азаматтық қоғам институттарына беру, ақшалай қаражаттың қолма-қол айналымын мейлінше көбірек қысқарту бойынша шаралар енгізу, заңға қайшы жолмен ақшалай қаражатты заңдастыруға қарсы іс-әрекет жасау қарастырылған. Қолданыстағы заңнамамен сотталған адамның мүлкін тәркілеу пайдакүнемдік ниетпен жасалған қылмыстар, оның ішінде субъектілері жауапты мемлекеттік лауазымдар атқаратын адамдар болып табылатын бірқатар сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін көзделген.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін сотталған адамның меншігінен басқа заңнамамен белгіленген тәртіпте қылмыстық жолмен алынған не қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған, сотталған адаммен басқа адамдардың меншігіне берілген мүлік жатады [6, 856].

Сыбайлас жемқорлық - қоғамның жұлын құрты. Жемқорлықпен күреске қатысты елімізде жеткілікті мөлшерде заңнамалық база жасалған. Ендігі міндет сол бар заңдарымыздың шеңберінде жемқорлықтың алдын-алу, оның жолын кесу жұмыстарын жандандыру. Жемқорлықтың жолын кесудің тағы бір жолы, мемлекеттік қызметкерлер арасында заңдық сауаттылығын арттыру болып табылады. Өкінішке орай бүгінде тәп-тәуір қызмет атқаратын мемлекеттік қызметкерлердің жемқорлыққа қатысты заңнамаларды мүлде білмейтіндігі. Елбасымыз атап көрсеткендей «Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өздерінде құқықтық мәдениет

жетіспейтіндігін» айтуы тегін емес. Бұл бағытта бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар ролі өте зор.

Бұрынғы кеңестік елдер шеңберінде бірінші болып 1998 жылы арнайы заң қабылдасақ та, қоғамымыздың барлық саласын қамтыған бұл дерттің әзірге бой берер түрі көрінбейді. Бейне бір, жеті басты аждаһа тәрізді. Біреуін шауып түсірсең, кешікпей екіншісі өсіп шығады. Мұның ең қорқыныштысы «сол індетті жеңе алмаймыз» деп дәрменсіздік танытып, қасқайып қарсы тұра алмайтын қауқарсығымызда деп білемін. Өйткені оған қарсы күресетін құқық қорғау органдары мен болашақ ұрпақты тәрбиелейтін білім саласы, медицина саласы және қалың бұқараны алға бастайтын көшбасшылар арасында болып тұр. Бұл тек біздің еліміздің ғана емес, көптеген дамыған мемлекеттер мен халықаралық институттардың да емін таппай отырған «проблемасына» айналуда. Солай екен деп, қол – қусырып самарқаулыққа салынуға тағы болмайды. Ел экономикасына үлкен қатер туғызып отырған індетпен ымырасыз күрес жүргізіп, тамырына балта шаппасақ, онымен күресу қиындай түседі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасын нақты іс жүзіне асыру үшін белгіленген заң аясында бүкіл халық болып, барлық құқық қорғау органдары бірлесе отырып іске көшетін уақыт жетті.

Жалпы, жемқорлықпен күрес мемлекеттік маңыз алып отырған бүгінгі күнде оны тек құқық қорғау органдарының мойнына артып қоймай, барша халық болып осы кесапаттың жолын кесуге жұмылса, сонда ғана іс нәтижелі деуге болады [5, 36].

Әдебиеттер:

1. Алауханов Е.О. Криминология «Жеті жарғы» Алматы, 2005ж.
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР-сының заңы, 2 шілде, 1998ж., № 267-1
3. «Заң» журналы, 16 желтоқсан, 1999ж.
4. «Заң және заман» журналы, 6 маусым 2003 ж. №5
5. «Егемен Қазақстан» газеті, № 192-194, 14 шілде 1999ж.
6. Ағыбаев А.Н. «Ответственность должностных лиц за служебные преступления» «Жеті жарғы» Алматы, 1997ж.

